



**«Бекітемін»  
Мектеп директоры  
\_\_\_\_\_ Ш.Тилеубергенова**

**«Абай атындағы №31 жалпы орта мектебі» КММ**

**2020-2021 оқу жылына арналған психологиялық қызмет  
орталығының жылдық жоспары**

**Мектеп психологтары: З.Шотаева  
Б.Орынбасарова**

**2020-2021 оқу жылы**

**«Абай атындағы №31 жалпы орта мектебінің» 2020-2021 оқу жылында  
психологиялық қызметінде жүргізілетін жұмыстар легінің мақсаттары мен міндеттері**

**Психологиялық қызметтің мақсаты:**

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

## Лауазымдық міндеттеме

### 1. Жалпы ереже.

1.1 Осы лауазымдық нұсқау педагог-психологтың біліктілікті айқындау мінездемесі негізінде жасалған.

1.2. Білім беру ұйымдарының педагог-психологінің «Психология және педагогика» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білімі немесе «Практикалық-психология» мамандығы бойынша қайта даярлаудың арнайы факультетінде алынған қосымша мамандығымен жоғары педагогикалық білімі болу керек.

1.3. Мектеп психологі тікелей мектеп директорына бағынады.

1.4. Мектеп психологі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын, 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы туралы конвенциясын, сондай – ақ Оңтүстік Қазақстан обылысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын басшылыққа алады.

### 2. Педагог-психологтің лауазымдық міндеттері:

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- 3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Бағыты	Тамыз	Қыркүйек	Қазан
<b>Диагностика</b>	<p>1. Педагогикалық-психологиялық қызмет құжаттарын дайындау және психологтың жылдық жоспарын жасау, іс құжаттарды реттеу</p> <p>2. Мектеп бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жеке құжаттарымен танысу, жинақтау;</p> <p>3. Арнайы түзету сыныптарын ашу мақсатында ата-аналарға түсініктеме жұмысын жүргізіп құжаттар дайындау</p> <p>4. 1сыныпқа келген оқушыларды психологиялық диагностикадан өткізу. /түстер ажырату, әңгімелесу, сурет салдыру, 1ден 10 ға дейін санату, кері санау т.б. әдістемелер пайдалану/</p> <p>5.Педагогикалық кеңесте консилиум құрамын бекіту;</p>	<p>1.Мектепке жаңадан келген оқушылардың бейімделуін анықтау</p> <p>2. 1- 5 сынып оқушыларының бейімделуін диагностикалау - Мектепке дайындығын анықтау бойынша «<b>Керн-Йерасек</b>» тесті /1сыныптар/ -«<b>Менің сыныбым</b>» әдістемесі /5 сыныптар/;</p> <p>3. Тәуекел топты анықтау мақсатында «<b>Кабинеттік талдау</b>» жұмыстарын жүргізу - Әлеуметтік педагогтың мәліметтері - Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі. - Мектеп инспекторының тіркеудегі оқушылар тізімі. - Медбике толтыратын тізім (Д –есебі). - Сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауы. - Аутодеструктив, құқықбұзушылық, ерте жүктілік орын алған отбасылардағы оқушылар тізімі.</p>	<p>1. Тәуекел топты анықтау мақсатында «<b>Далалық зерттеу</b>» жұмыстарын жүргізу - «Эссе» талдауы. - Сауалнама. - «Үй, адам, ағаш» проективті әдісі (ДДЧ). - «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі - «Мен кімін» әдістемесі.</p> <p>2. . 5- 9 сынып оқушылары арасында «<b>Мұғалім оқушы көзімен</b>» сауалнама жүргізу</p> <p>3. 6-10 сынып оқушылары арасында ақыл-ой деңгейінің диагностикасын жасау дарынды оқушыларды анықтау</p> <p>4. «Кәсіптік бағдар» бойынша 9 сынып оқушыларына диагностика жүргізу /мамандық таңдау дәптері/</p> <p>5. 1- сыныпқа қабылданған балаларда мектептік адаптацияның қалыптасуына мектептегі және отбасындағы психологиялық климаттың әсер ету деңгейін анықтау /ата-аналардан сауалнама алу/</p>
<b>Психологиялық алдын-алу</b>	<p>1. Сынып жетекшілермен жыл бойы жүргізілетін жұмыстарды талқылау, түсіндірме жұмыстарын жүргізу;</p>	<p>1. 1-5 сынып оқушыларының ата-аналарына психология-педагогикалық көмек Бастауыш сынып оқушыларының</p>	<p>1. 4.«<b>Біз зорлық–зомбылыққа қарсымыз</b>» тақырыбында 7-8 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізу;</p>

	<p>2. Оқушыларды <b>Оқушы жадынамасымен</b> таныстыру</p> <p>3. <b>Діни-экстремизмнің алдын-алу жөнінде</b> іс-шаралар ұйымдастыру</p> <p>4. Кабинеттік және далалық зерттеу жұмыстары жүргізілген кезінде Тәуекел топқа алынған оқушылардың ата-аналарымен жеке және топтық жұмыс жүргізу</p>	<p>сезімдік әлемін дамыту мақсатында іс – шаралар ұйымдастыру /Психологиялық жаттығулар, ойындар қажетіне қарай/</p> <p>2. <b>Девиантты мінез-құлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу</b> бойынша іс-шаралар ұйымдастыру</p>	<p>2. 10-11 сынып оқушыларының ата-аналарына психология-педагогикалық көмек</p> <p>3. <b>«Кәсіп дегеніміз не?», «Менің мүмкіндігім немесе кәсіп мені қалай таңдайды?»</b> тақырыптарында дөңгелек үстел, пікірталас жүргізу;</p>
<b>Психологиялық ағарту</b>	1. Педагогикалық ұжым арасында психологиялық қызмет туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу	1. Сынып жетекшілер және ата-аналар арасында <b>«Буллинг» дегеніміз не?</b>	1. Ата-аналар арасында психологиялық қызметтің мазмұны мен мақсаттары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу және <b>Буллинг түрлерімен таныстыру</b>
<b>Кеңес беру</b>	<p>1. Мектеп әкімшілігін, пән мұғалімдерін, сынып жетекшілерін психодиагностикалық зерттеу нәтижелерімен таныстырып, бағыт беріп отыру.</p> <p>2. Жас мамандарға бейімделуге байланысты кеңес беру;</p> <p>3. Сұраныс бойынша жеке және топтық кеңес беру;</p> <p>4. Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына және сынып жетекшілеріне мектеп өміріне психологиялық бейімделу деңгейін анықтау қорытындысы бойынша кеңес беру;</p> <p>5. Бесінші сынып оқушыларының ата-аналарына және сынып жетекшілеріне орта буынға психологиялық бейімделу деңгейін анықтау қорытындысы бойынша кеңес беру;</p> <p>6. Сауалнама нәтижесі бойынша сұхбат жүргізу, ата-анасын хабардар ету, арнайы маманға жолдау;</p> <p>7. жоғарғы сынып оқушыларына кеңес «Стрессіз емтихан тапсыру»</p>		
<b>Түзету-дамыту</b>	<p>1. <b>«Тәуекел топ»</b> балаларымен коррекциялық жұмыс;</p> <p>2. Бірінші сынып оқушыларымен «Қай лабиринтті таңдайсыз», «Суреттен не көрдіңіз», «Логикалық ойындар» т. б түзету-дамыту сабақтарын өткізу;</p> <p>5 – сынып оқушыларының орта буынға бейімделу процесі қадағалау және қолдау /Психологиялық жаттығулар/</p> <p>3. Мұғалімдер мен ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеу барысында проблемаларды шешуде түзету жұмыстарын жүргізу</p> <p>4. 7-8 сынып оқушыларымен СТРИНГ-АРТ – шегелер мен жіптерді пайдаланып сурет салу арқылы түзету-дамыту сабақтарын өткізу;</p> <p>5. Қабілеті жоғары оқушылармен (олимпиада қатысушыларымен) <b>«Сенімділік»</b> тренингін өткізу;</p>		

Бағыты	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар
<p><b>Диагностика</b></p>	<p>1. Тәуекел топты анықтау мақсатында «Далалық зерттеу» жұмыстарын жүргізу:  - «Отбасы суреті» әдістемесі.  - Аутодеструктив қаупінің картасы.  (Л.Б.Шнейдердің жасөспірімдерге арналған модификациясы).  -Балалармен мен жасөспірімдер арасындағы болжамдық тәуекел кестесі (А.Н.Волкова)  -Психодиагностика: бақылау, әңгімелесу, Диагностикалық интервью.  -Әдістердің нәтижесін тіркеу нұсқасы.</p> <p>2.Темперамент типін анықтау /3-8сынып/;</p> <p>3. Өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу /2-10 сынып/;</p> <p>4. мұғалімдермен жұмыс</p>	<p>1.Танымдық процесті анықтау /1-4 сыныптар/;</p> <p>2. Кабинеттік талдау мен Далалық зерттеуді қорытындылау.</p> <p>3. «Жасөспірімдер ортасындағы девианттық мінез-құлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу» мақсатында инспектормен кездесу ұйымдастыру</p> <p>4. Атқарылған жұмыстар бойынша жарты жылдық есеп жазу.</p> <p>5. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар ата-аналарымен үнемі байланыста болу, сауалнамалар жүргізу.</p>	<p>1. Бірінші кезең бойынша анықталған Тәуекел топқа тіркелген оқушылармен екінші кезеңдік аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу.</p> <p>2.«Ерте жүктіліктің алдын алу» бағыты бойынша медбикелермен бірлесіп генеколог маманмен кездесу ұйымдастыру</p> <p>3. Ұл балалармен жұмыс ұйымдастыру мақсатында медбикелермен бірлесіп уролог маманымен кездесу ұйымдастыру.</p>
<p><b>Психологиялық алдын-алу</b></p>	<p>1«Жасөспірімдер арасында АҚТҚ, ЖҚТБ алдын алу»бағыты бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;</p> <p>2. «Тату отбасы, бақытты балалар-Мемлекетіміздің гүлденуінің сенімді іргетасы» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен бірлескен дөңгелек үстел;</p> <p>3.Жас мамандарға «Ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық климат – нәтижелі қарым-қатынас негізі» тақырыбында тренинг</p>	<p>1.1-4 сынып ата-аналарымен «<b>Менің отбасым - менің байлығым</b>» семинар-тренинг</p> <p>2. Мектепшілік «<b>Психология апталығын</b>» өткізу.  - Буллингтің алдын алу - Психологиялық жаттығулар, ойындар, сайыстар, интеллектуалды шоу, т.б ұйымдастыру.</p>	<p>1.«Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тақырыбында семинар-тренинг /жас мұғалімдер/  2. «<b>Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар</b>», «<b>Қызым қызғалдағым – ұлым ізгі арманым</b>» тақырыптарында 7-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен пікірталас өткізу.</p> <p>«Өз балаңды жаман ортадан қалай</p>

	өткізу		<b>қорғауға болады?»</b> тақырыбында психологиялық тренинг өткізу /7-8 сынып ата-аналармен/
<b>Психологиялық ағарту</b>	Қазіргі заман отбасы тәрбиесіне кері әсер етуші факторлар / сынып ата-аналары/	Педагогикалық ұжым мен ата-аналар арасында бала дамуында кездесетін қиындық түрлері және Кибербуллинг жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу/әңгіме сұхбат/	Оқушылар арасында психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктер туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу /әңгіме, сұхбат/
<b>Кеңес беру</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Сынып жетекшілерге зерттеу нәтижелері бойынша кеңес беру;</li> <li>2.Тест нәтижелерінің қорытындысы бойынша, сұраныс арқылы жеке және топтық кеңес беру;</li> <li>3. Оқушыларға кәсіп таңдау мәселесі бойынша кеңестер беру;</li> <li>4. Ата-аналарға психологиялық кеңес «Бала тәрбиелеудің 10 ережесі»</li> <li>5. Болашақ отбасы өміріне дайындау және жыныстық тәрбие мәселелері бойынша кеңес беру.</li> <li>6. Мұғалімдердің жеке сұранысы бойынша кеңес беру.</li> <li>7. ҰБТ –ға баратын оқушыларға кеңес</li> <li>8. . Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар ата-аналарымен үнемі байланыста болып баланың күн тәртібін ұйымдастыру және бақылау туралы кеңестер беріп тұру</li> </ol>		
<b>Түзету-дамыту</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.«Тәуекел топпен» коррекциялық жұмыс (айына 1 рет)</li> <li>2. Сұраныстар бойынша мінез-құлқында проблемасы бар оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;</li> <li>4.2-4 сынып оқушыларымен түзету-дамыту сабақтарын өткізу;</li> </ol> <p>сынып оқушыларымен түзету-дамыту сабақтарын өткізу;</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>6.Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары;</li> <li>7.Оқушыларға, ата-аналарға және мектеп педагогтарына түрлі тақырыптарда түсіндірме жұмыстарын жүргізу /дөңгелек үстел, пікір-сайыстар, рефлексия/;</li> <li>8. «Конфликтіні саналы түсіну» психокоррекциялық сабақ /ата-аналар мен мұғалімдерге/</li> </ol>		



Бағыты	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
<b>Диагностика</b>	<p>1.Таным процесін анықтау мақсатында  <b>-.5-7 сынып оқушыларының «Зейіннің бөлінуі мен ауысуын анықтау» әдістемесі</b>  <i>(Пьерон-Рузер тестінің бланкісі бойынша)</i>  -.2-3 сынып оқушыларынан «Зейіннің аумағын анықтау» әдістемесі</p> <p>2. «Өзін сезінуі, белсенділігі, көңіл-күйі» әдістемесі. <b>8-11 сыныптарға</b></p>	<p><b>Психологиялық сүйемелдеу мақсатында:</b></p> <p>1. Жазу коллеграфиясын анықтау /1-4 сыныптар/;</p> <p>2. «<b>Жасөспірімдер ортасындағы девианттық мінез-құлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу</b>» бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;  «<b>Жалқаулығыңызды жеңуге шамаңыз келеді ме?</b>» сауалнама</p> <p>3. «<b>Жасөспірімдер арасында АҚТҚ, ЖҚТБ алдын алу</b>» бағыты бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;</p> <p>4. МПК-ға (медициналық-педагогикалық комиссия) баратын балаларды зерттеу</p>	<p><b>Психологиялық сүйемелдеу мақсатында:</b></p> <p>1.Жоғарғы сынып оқушыларының мамандық таңдау жөніндегі ойларын анықтау /5-10 сынып/;</p> <p>2. Оқушылардың пәндерге қызығушылық деңгейін анықтау 5-10 сыныптар</p> <p>3. Үйден оқытылатын оқушыларды кезекті комиссиясына өткізу жұмыстарын жүргізу</p>	<p><b>Психологиялық сүйемелдеу мақсатында:</b></p> <p>1.Мектеп бітіруші түлектердің емтихан кезіндегі келеңсіздіктердің алдын алуға байланысты іс-шаралар ұйымдастыру;</p> <p>2. 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасау.</p> <p>3. Келесі оқу жылына жоба жоспар түзу.</p>
<b>Психологиялық алдын-алу</b>	<p>1. Оқушылардың зейінін дамытатын ойын жаттығуларын ұйымдастыру.</p> <p>2. «<b>Алғыс алаңы</b>» акциясын ұйымдастырып өткізу</p>	<p>1.«<b>Тәуекел топқа</b>» алынған оқушылармен сұхбат жүргізу, ата-аналарын хабардар ету, арнайы маманға жолдау;</p> <p>2. Көктем мерекелеріне байланысты 1-11 сыныптар арасында «Ең үздік бейнетілек» ұйымдастыру.</p>	<p>1. «<b>Өмірге құштарлық</b>» акциясын ұйымдастырып өткізу</p> <p>2. Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру, аутодеструктивті оқиғалардың алдын алу</p>	<p>1.11 сынып оқушыларының ҰБТ психологиялық дайындығы бойынша қорытындылау;</p> <p>2. «Қызым-қызғалдағым, ұлым-ізгі арманым» тақырыбында ата-аналармен пікірталас өткізу</p>

			бойынша ата-аналардың психологиялық білімін жетілдіру үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастыру	
<b>Психологиялық ағарту</b>	Мұғалім, оқушы қарым-қатынасы. Мұғалімнің этикасы /Баяндама/	Психологиялық зерттеу нәтижелерін талдау/Баяндама/	Мектептегі психологиялық қызметтің жағдайы. /Баяндама/	1. Мектеп бітіруші түлектердің емтихан кезіндегі келеңсіздіктердің алдын алуға байланысты лекция өткізу;
<b>Кеңес беру</b>	1. Мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарына кеңес; 2. Сұраныс бойынша жеке және топтық кеңес беру; 3. 11 сынып оқушыларының ҰБТ психологиялық дайындығы бойынша пән мұғалімдеріне кеңес беру; 4. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ата-аналарына кеңес беру			
<b>Түзету-дамыту жұмыстары</b>	1. «Тәуекел топ» балаларымен коррекциялық жұмыс; 2. Мектеп бітіруші түлектерді түзету-дамыту бағдарламасымен жұмыс жүргізу «Ашу-ызамен не істеу керек?» тренинг 9-11 сынып; 3. Жеке және сұраныс бойынша жұмыс; 4. 11 сынып оқушыларымен стрессті жеңуге байланысты бағдарлама негізінде тренингтер өткізу; 5. Психологиялық қызмет орталығының жылдық есебін дайындау, ұсыныстар беру; 6. Келесі оқу жылын жоспарлауға әзірлік;			
<b>Әлеуметтік - диспетчерлік қызмет</b>	1. Дамуында патологиялық ауытқуы бар балаларды дәрігер – мамандарға көрсету, құжаттарды дайындау, мінездеме жасау. /ПМПК қажетіне қарай/ 2. Әскери комиссариатқа баратын оқушылардың мінездemesін дайындау. / Әскери комиссариат қажетіне қарай/ 3. «Тау самалы» және басқа да сауықтыру орталықтырына баратын оқушыларға мінездеме жасау. /Сауықтыру орталығы қажетіне қарай/ 4. Эксперимент алаңында немесе эксперименттік сыныптарда және тереңдетілген сыныпта оқитын балаларға, сыныпқа мінездеме жасау. / Қажетті сыныпқа қажетіне қарай/			

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. З.Успанова, С.Дәрібаева, А.Нармұқыш Жеке адамның индивидуалды-типологиялық ерекшеліктері. Алматы – 1999 ж.
2. Е.Рогов Настольная книга практического психолога. Владос – 2001 ж.
3. Р.Немов Психология. Москва – 2002 ж.
4. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі. Мектептегі психологиялық диагностика. Астана – 2005 ж.
5. Т.Р.Нұрмұхамбетова Тәжірибелік психология I, II, III - том. Шымкент 2006, 2007, 2008 ж.
6. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы. Дарындылықтың психологиялық диагностикасы. Астана – 2007 ж.
7. Ф.Бизақова Психологиялық түзету-дамыту жұмысы. Тараз – 2013 ж.

8. Молдахметова М. «Білім дағдылары мен зейіннің қалыптасуы» // Тәрбие құралы, 2011 ж  
 9. Қалыбекова А.Б. «Балаларды дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» // Қызықты психология, 2015ж

## **«Абай атындағы №31 жалпы орта мектептің педагог – психологтарының жұмыс нәтижелері.**


### **2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыс есебі.**

**2020-2021 оқу жылы.** «Білім алушы, педагог қызметкер, ата-ана арасында психологиялық мәдениетті қалыптастыру және жасына сәйкес психологиялық саулығын сақтау және оқушының жан дүниесін дамытуды қамтамасыз ету» мақсатында 2020-2021 оқу жылына педагог - психологтар «қашықтан оқыту үлгісіндегі» жылдық жоспарға сәйкес төмендегідей жұмыстарды атқарды.

### **2020-2021 оқу жылы онлайн форматта оқытылуымызға байланысты жүргізілген жұмыстар.**

2020-2021 оқу жылын мектеп табалдырығын аттаған 1 сынып оқушыларынан Керн Ирасек тесті жүргізілді. 2020-2021 оқу жылында мектепке қабылданған 1 сынып оқушыларынан қыркүйек айының алғашқы аптасында, оқушылардың мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Йерасектің белсенділік қабілетін бағдарлау тестінің ауызша сұрақнамасы жүргізілді. Жүргізілген әдістеменің мақсаты - оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне бейімделу ерекшелігін байқау болады.

<b>№</b>	<b>сынып</b>	<b>Толық жетілгендер</b>	<b>Орта жетілгендер</b>	<b>Төмен жетілгендер</b>
1	1 «а»	84%	16%	0%
2	1 «ә»	75%	25%	0%
3	1 «б»	67%	29%	4%
4	1 «в»	56%	44%	0%
5	1 «г»	56%	34%	10%
6	1 «д»	64%	36%	0%
7	1 «е»	50%	46%	4%
8	1 «ж»	58%	42%	0%
9	1 «з»	50%	33%	17%



Қыркүйек айында ата-аналардан қашықтан оқыту кезіндегі кедергілерді анықтау мақсатында сауалнама Coogle форматта алынды. Сауалнамада ата-аналар тарапынан айтылған ұсыныстар. Үй тапсырмасының көлемі азайтылса, Онлайн мектеп програмасын жетік меңгерсе. Мұғалімдер қосымша сабақтар ұйымдастырса. Бейне роликтермен түсіндірулер көп болса. Онлайн мектепте тапсырмалардың көп болағандықтан оқушыға үй тапсырмасын бермесе. Тапсырмалар кітаппен сәйкестендірілсе. Бітіруші түлектер мектепке келіп оқытылса деген ұсыныстарын білдірді. Сауалнамада біршама оқушыда оқу құрылғысының жетіспей отырғанын атап көрсетіліп, ол оқушылар құрылғымен қамтамасыз етілді.

“Бес терек” жобасы бойынша, жастар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу үшін білім беру ұйымдарына қарасты бес маман бірлесіп, белгілі бір алгоритммен жұмыс жасауды қажет етеді. Бестерек құрамына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және мектеп инспекторының бірлескен жұмыс аясында жұмыстар атқарылды.

**“Бес терек” жобаның мақсаты:** жастар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. Бес терек жобасы екі кезең арқылы жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде Кабинеттік талдау жұмыстары бес маманның көмегімен жүзеге асырылды.

Тәуекел топты анықтау мақсатында **«Кабинеттік талдау»** жұмыстары жүргізілді

- Әлеуметтік педагогтың мәліметтері бойынша оқушылардың тізімі жинақталды.
- Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі жинақталды.
- Мектеп инспекторының тіркеудегі оқушылар тізімі жинақталды.
- Медбике толтыратын (Д – есептегі) оқушылар тізімі жинақталды.
- Сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауы бойынша тізімі жинақталды.

Мектеп әлеуметтік педагог тізімдегі оқушылар, мектеп инспектор отбасындағы тізім, мектеп инспектор есебіндегі оқушы тізімі, мектеп медбикесінің «Д» есебінде тұратын оқушылар тізімі жинақталып қорытынды шығарылды.

**15.10.2020 жылы «Жас ұрпаққа өнеге беру парыз»** атты тақырыпта оқушылармен «ZOOM» платформасы арқылы іс-шара семинар өтілді. «Адамгершілік асыл мұра», «Мен өмірді жақсы көремін» тақырыптарында сабақ өтілді. Сабақ өз деңгейінде өтіліп, оқушылар ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ашық, нақты жауап берді.

Екінші кезеңде «Далалық зерттеу» жұмысы:

А) Психологтар сауалнама алады. Сауалнамада психолог көмегі қажет деген оқушылардың тізімін жинақтау.

Б) ДДЧ әдісі бойынша сурет салдырту арқылы проблемасы бар оқушылардың тізімі жинақталады.

Зерделеу жұмыстарын жүргізу барысында тәуекел топтағы оқушылар анықталды.

Тәуекел топты үш деңгейге бөлеміз. «Жасыл», «Сары», «Қызыл» деңгейлер.

2020-2021 оқу жылында “Бес терек жобасы” аясында 5-11 сынып оқушыларынан жоба аясында жүргізілетін барлық сауалнама әдістемелер алынды.

Бес терек жобасының тәуекел топ бойынша қорытынды мониторингісі.

Жасыл деңгей	Сары деңгей	Қызыл деңгей
118 оқушы	16 оқушы	0 оқушы
6%	0.7%	0%

Бастауыш сынып оқушыларынан қашықтан оқыту кезіндегі бейімділігін анықтау сауалнамасы .CoogIe форматта алынды.

2-4 сынып оқушылардың есте сақтау, зейін аудару, логикалық ойлау ерекшелігін байқау мақсатында танымдық ерекшелігін зерттеу барысында сөздер мен сандар қатарын есте сақтау, зейін аудару ерекшелігін анықтау барысында “Мюнстерберг” әдістемесі , логикалық ойлау ерекшелігін анықтау мақсатында “Артық сөзді тап” әдістемелері алынып, нәтижесі шығарылды.

Бұл жүргізілген зерттеу жұмыстардың қорытындысы сынып жетекшілерге таныстырылып, танымдық ерекшелігі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.



1- сынып оқушыларымен зейін аудару есте сақтау қабілетін жетілдіруге түзету дамыту корекциялық сабақтар жүргізілді.

Орта буын және жоғары сынып оқушыларынан да қашықтан оқыту кезіндегі қиыншылықтар мен кедергілерді анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Қашықтықтан оқыту бойынша ата-аналарға жиналыс барысында мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп-психологтары, мектеп медбикесі бірлесіп «Елімізде болып жатқан COVID -19» мәселесіне түсіндірме жұмыстары айтылып өтілді.

2020-2021 оқу жылындағы «Мұғалім-оқушы-ата-ана» арасындағы психологиялық қарым-қатынасты нығайту бойынша қашықтан түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында сынып жетекші мен ата-аналарға сауалнама алынды. **Мақсаты:** Ата-ана, мұғалім, оқушы арасындағы психологиялық жағымды қарым- қатынасты орнату болатын.

Қашықтан оқытудағы кедергілер мен сынып жетекшінің ата-анамен қатынасын анықтау мақсатында сауалнама қорытындысы. Сауалнама барлық сынып жетекшілер қатысты. CoogIe форматта алынды.



Сауалнама қорытындысы бойынша мұғалімдерге ұсыныстар берілді.

«Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз», «Ерте жүктіліктің алдын алу» сынып оқушыларына WhatsApp арқылы слайд пен видеороликтер жіберілді.

«Бес терек» жобасының тәуекел топқа алынған оқушылармен жеке түзету дамыту бойынша «Сенім мен көңіл-күй» сауалнама CoogIe форматта алынды.

Дамуында патологиялық ауытқуы бар балаларды дәрігер мамандарға көрсету, олардың құжаттарын медициналық – психологиялық комиссияға дайындау дер кезінде ата-аналармен байланыста болып жүргізілді.

«Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» диагностикалық әдістеме 11- сынып оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Психологиялық көмек қажет оқушыларға үнемі жеке көмек берілді.

Келесі оқу жылына жүйелі жылдық жоспар түзілді.